

Костанай облысы әкімдігі
мәдениет басқармасының
«Облыстық қуыршақтар театры» КМҚҚ
басшысының 2021 жылғы 9 наурыздағы
№ 11 бұйрығымен бекітілді

**Костанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының
«Облыстық қуыршақтар театры» КМҚҚ сыйбайлас
жемқорлыққа қарсы стандарттары**

1. Қоғамдық қатынастар саласының атауы: әдебиет пен өнер туындыларының сахналық көрсетілімдерін жүзеге асыру және танымал ету болып табылады

2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеушінің атауы: Костанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық қуыршақтар театры» КМҚҚ комплаенс-қызметі.

3. Костанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық қуыршақ театры» КМҚҚ (бұдан әрі - Кәсіпорын) адамдарының, тұлғаларының кәсіпорынның қатысуышыларымен және әлеуетті қатысуышыларымен, Электр энергетикасы, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау және қоғам көрсететін басқа да қызметтер саласындағы қызметтерді тұтынушылармен өзара қарым-қатынастағы өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде, сондай-ақ тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде мінез-құлыш (іс-кимыл) қағидалары.

3.1. Осы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттармен қозғалатын салаларда жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мұдделерін іске асыру кезінде:

3.1.1. Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау;

3.1.2. адаптацияның болу, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтау, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыйрайылық пен әдептілік таныту;

3.1.3. өздері қабылдайтын шешімдердің зандылығы мен әділдігін қамтамасыз ету;

3.1.4. жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мұдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдаудың ашиқтығын қамтамасыз ету;

3.1.5. мемлекет мұддесіне нұқсан келтіретін, тиімділікке кедергі жасайтын немесе төмендететін іс-әрекеттерге қарсы тұру

мемлекеттік органдардың жұмыс істеуі;

3.1.20. басшылардың бүйрықтары мен өкімдерін, жоғары тұрған органдар мен лауазымды адамдардың өз лауазымдық өкілеттіктері шегінде шығарған шешімдері мен нұсқауларын орындау;

3.1.21. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, лауазымдық өкілеттіктерін атқару кезінде алатын, азаматтардың жеке өмірін, ар-намысы мен қадір-қасиетін қозғайтын мәліметтерді жария етпеуге және олардан мұндай ақпарат беруді талап етпеуге;

3.1.22. Егер кәсіпорын қызметкерінде сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпарат болса, ол мұндай құқық бұзушылықты болғызыбау және тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолдануға, оның ішінде жоғары тұрған басшыға, кәсіпорын басшылығына, уәкілетті мемлекеттік органдарға жазбаша нысанда дереу хабарлауға тиіс. Сондай-ақ кәсіпорынның қызметкери өзін басқа адамдардың сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру жағдайлары туралы аталған адамдар мен органдарға жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндетті;

3.1.24. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органның ақпараттық ресурстарымен жұмыс процесінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

3.1.25. кәсіпорын қызметкеріне сыйбайлас жемқорлық жасаған деп көпшілік алдында негіzsіз айып тағылған жағдайда, ол осындағы айыптау анықталған күннен бастап бір ай мерзімде оны теріске шығару жөнінде шаралар қолдануға тиіс.

3.2. өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:

3.2.1. ҚР қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерін, кәсіпорынның ішкі ережелері мен ережелерін, Кәсіпорынның жарғысын, «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының нормаларын, осы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды басшылыққа алу;

3.2.2. сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар жасамау;

3.2.3. қызметін осы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттармен реттелетін қоғамдық қатынастар салаларында жүзеге асыратын жекелеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың мұддесінде шешімдер қабылдауға жол бермеу.

3.3. Кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастар жүргізу кезінде:

3.3.1. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мынадай қафидаттарға негізделеді:

- Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайтын және тиімді жұмсау;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін төң мүмкіндіктер беру;

- әлеуетті жеткізушілер арасындағы адал бәсекелестік;

- Мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы;
- отандық тауар өндірушілерге, сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық берушілерге Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтіндей шамада қолдау көрсетеу;
- Мемлекеттік сатып алуға қатысуышылардың жауапкершілігі;
- сыйбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;
- инновациялық және жоғары технологиялық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;
- сатып алынатын тауарлардағы зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау.

3.3.2. Мемлекеттік сатып алуды жоспарлау кезінде оларды жүзеге асырудың қажеттілігі мен орындылығын негізге алу

3.3.3. тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді саны, сапасы және жеткізу мерзімі бойынша қабылдау қатаң түрде мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылсын.

3.4. Бөгде ұйымдар мен тұлғаларға қызмет көрсетеу кезінде:

3.4.1. ұйымға тартылған және бөгде ұйымдар мен тұлғаларға қызмет көрсететін кәсіпорын қызметкерлері қоғамдық қатынастардың тиісті салаларында белгіленген талаптарға сәйкес сапалы қызмет көрсетеу тиіс;

3.4.2. мемлекет реттейтін Қызметтерді көрсетуге шарттар жасасу кезінде артықшылық бермеу;

3.4.3. қызмет алу үшін тең мүмкіндіктер ұсыну

3.4.3. сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау үшін алғышарттардың пайда болу мүмкіндігін болдырмау;

3.5. Құрылымдық бөлімшелердің басшыларына қарамағындағылармен қарым-қатынаста:

3.5.1. өзінің мінез-құлқымен бейтараптықтың, әділдіктің, риясыздықтың, жеке тұлғаның ар-намысы мен абыройына құрметпен қараудың үлгісі болуға тиіс;

3.5.2. меритократия қафидаттарын сақтауды қамтамасыз ету, кадр мәселелерін шешу кезінде туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендейк белгілері бойынша артықшылық көрсетпей;

3.5.3. олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелей және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту;

3.5.4. еңбекті, денсаулықты қорғауға, тиімді қызмет ету үшін қауіпсіз және қажетті жағдайларды жасауға, сондай-ақ қызметшілердің ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітушіліктің және қол сұғушылықтың кез келген нысандарын болдырмайтын қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға бағытталған шараларды қабылдау;

3.5.5. қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде олардың қызметіне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

3.5.6. құқыққа қарсы әрекеттер жасауға, сондай-ақ жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сыйыспайтын әрекеттер жасауға мәжбүрлемеу;

3.5.7. оларға қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік және орынсыз міnez-құлық фактілеріне жол бермеу;

3.5.8. кәсіпорын басшылығы ақпаратты алған күннен бастап бір ай мерзімде жұмыскерлердің сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, өзін осы бұзушылықтарды жасауға көндіру жағдайлары туралы өтініштері бойынша, оның ішінде тексерулер ұйымдастыру және уәкілетті органдарға өтініштер жолдау арқылы шаралар қолдануға міндетті;

3.5.9. кәсіпорын басшылығы сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, өзін осы бұзушылықтарды жасауға көндіру жағдайлары туралы хабарлаған жұмыскерді оның құқықтарына, бостандықтары мен занды мұдделеріне қысым жасайтын қудалаудан қорғау жөнінде шаралар қолдануға міндетті;

3.5.10. кәсіпорын басшылары бағынысты қызметкерлердің сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндеттерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.

4.6. Сыйайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды орындау:

4.6.1. осы Сыйайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қоғамның барлық қызметкерлері орындауға міндетті;

4.6.2. осы Сыйайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды орындағаны не тиісінше орындағаны үшін тәртіптік немесе материалдық жауаптылық қоғамның бас директорының бүйрығымен белгіленеді;

4.6.3. осы Сыйайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтау (сақтамау) туралы ақпарат Қоғам қызметкерлерін атtestаттау және олардың жұмыс тиімділігін бағалау кезінде пайдаланылады.
